

**БІЛІМ ИНСТИТУТЫ**

**АНА ТІЛІ**

**ОҚУШЫНЫҢ  
ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ**

**(5-СЫНЫП)**

**№2**

**Улаанбаатар**

**2021 жыл**

Туынды сөз


Оқушының аты-жөні: .....


Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Бұл тарауда сен:

- туынды сөз туралы білу;
- сөзді түбір мен қосымшаға дұрыс ажырату;
- есім және етістік тудыратын жұрнақтарды танумен қатар,
- мәтін туралы үйренгендеріңді еске түсіре отырып, түрлі тапсырмалар орындайтын боласың.
- Өз біліміңді өзің бағалайсың.

Бағалау шарты:  - “Тапсырманы толық орындадым”;

 - “Сұрақтарым бар”;

 - “Көмек қажет”;

**1-тапсырма.** Өлеңдерді жаттап ал. Ата-ана, ұстазыңа, достарыңа мәнерлеп оқып бер.

**Мән мен сән**

Алма  
Шырын болмаса,  
Миға  
Білім қонбаса,  
“А”-ге  
Дәптер толмаса,  
Көгал  
Жасыл болмаса,  
Болат  
Асыл болмаса,  
Жүйрік  
Шауып озбаса,  
Гүлдер  
Бойын созбаса,  
Жігіт  
Қамды болмаса,  
Ұл-қыз арлы болмаса,  
Дүниеде сән қалмас,  
Тіршілікте мән қалмас!

(М.Әлімбаев)

**Ар** – намыс, ұят, адамгершілік қасиет.

**Қамды болмаса** – әрекет қылмаса, еңбек етпесе.

**Иірмекіл** – сақа ойынының атауы.

**Иірмекіл**

Асығың түссе алшыдан –  
Несібе күт аңшыдан.  
Биік ұшып бүркітің,  
Құс іледі қаршығаң.

Асығың түссе тәйкеден –  
Биік болар мәртебең.  
Алдына қара салдырмай,  
Атың келер бәйгеден.

Асығың түссе бүгеден –  
Көш түзелер жүгімен.  
Нұрлы ертеңің туралы  
Түс көресің түнімен.

Асығың түссе шігеден –  
Қуаныш болар шынымен.  
Жақсы көрер жандарың  
Қарсы алады гүлімен.








Асығың түссе оңқадан –  
Жасайсың сен он қадам.  
Аталарың асықпен  
Ертеңді өстіп болжаған.

(К.Құныпияұлы)

**2-тапсырма.** Өлеңдегі “мән”, “сән”, “мәртебе” деген сөздердің мағынасын өз түсінігіңмен жаз.

---



---



---








Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**3-тапсырма.** Сөздерді түбір мен қосымшаға ажыратып, түбірлердің қай сөз табынан екенін жаз.

Шауып: .....

Асығың: .....

Аталарың: .....

Дүниеде: .....



**4-тапсырма.** а. Сызба бойынша туынды сөз жаса.

кітап	+	жұрнақ	=	зат есім
	+		=	
шеге	+	жұрнақ	=	етістік
	+		=	
дүние	+	жұрнақ	=	сын есім
	+		=	



ә. Жоғарыдағы өзің құрастырған сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырып жаз.

---



---



---

**Түбір + жұрнақ = туынды сөз**  
 Мысалы: ән+ші, біл+ім.

**5-тапсырма.** Жұмбақты шеш. Жұмбақта туынды сөз бар ма?

Екі желі –  
 Күйдің көрігі,  
 Әннің көлігі. (.....)

1. Иә                      2. Жоқ



**6-тапсырма.** а. Суреттегі мамандық атауларын түбір мен қосымшаға ажыратып жаз.



ә. Сөздердің түбірі қай сөз табынан жасалғанын айт.

Осы сөздердегі жұрнақтардан тағы да қандай сөздер жасауға болады?







---



---

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

7-тапсырма. Өзің білетін ұлттық ойындарды бейнелеп, сурет сал.     

**Ұлттық ойындар**

8-тапсырма. Түбір және туынды сөздерді ажыратып жаз.



Көжек, иісшіл, ағаш, нәрлі, кешірім, көбелек, дәстүр, тіршілік, балалық, көпшіл, құлақ, дауыл, қуаныш, ойын, терезе, жылқы, күрек, шыны, шыншыл, отыр, аңыз.



Түбір сөз:

---



---

Туынды сөз:

---



---

9-тапсырма. Берілген жұрнақтар мен мысалдарды мұқият оқып, зат есімдер қай сөз таптарынан жасалғанын арнайы орынға жаз. Жұрнақтарды есіңе сақта.



**Зат есім тудыратын жұрнақтар**



<hr/>	<hr/>	<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>	<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>	<hr/>	<hr/>

**-й, -тай, -жан:** апа-й, әке-тай, аға-жан;  
**-шақ, -шек:** құлын-шақ, іні-шек;  
**-ша, -ше:** сандық-ша, күрке-ше;  
**-шық, -шік:** қала-шық, үй-шік.

**-шы, ші:** қой-шы, күй-ші;  
**-шылық, -шілік:** адам-шылық;  
**-лық, -лік:** бала-лық, кісі-лік;

**-дық, дік, -тық, -тік:** адал-дық, жеңіл-дік;  
**-шылық, -шілік:** мол-шылық, көп-шілік;

**-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе:** бөл-ме, кес-пе;  
**-ым, -ім, -м:** біл-ім, күзе-м;  
**-ыш, -іш:** қуан-ыш;  
**-ақ, -ек, -қ, -к:** сұра-қ, қон-ақ, күре-к;

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**10-тапсырма.** а. Мәтінді түсініп оқы.**Дәстүр – тәрбие құралы**

Қазақта баланы қайырымдылыққа, бауырмалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелейтін дәстүр көп.

Мысалы, **"Қол ұшын беру"** деген керемет дәстүр бар. Ұрпақтан-ұрпаққа әлі жалғасып келе жатқан бұл дәстүр бойынша біреудің үйінің жанынан өтіп бара жатқан адам олардың кірпіш құйып, үй салып жатқанын көрсе, текке өтіп кетпеген. Қол ұшын беріп, көмектескен. Халқымыз бұл дәстүр арқылы адамды қайырымдылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеген.

**"Қой басты" дәстүрі.** Ауылда киіз басу – ауыр жұмыстардың бірі. Алдымен жүнді сабайды, сосын бояйды, қайнатады, құрғатады, орайды. Ораудың астынан арқан өткізіп, жіптің ұшынан ұстап, екі жаққа аунатып отырып, үй-үйдің арасынан өткізеді. Кез келген үйдің жанына келгенде, "қой басты, қой басты" деп айқайлайды. Мұны естіген үйдегі әйелдер киіз басушыларға бауырсақ, қымыз, құрт береді. Бұл әзіл-қалжың ретіндегі дәстүр болғанмен, сыйластыққа негізделген. Осыған ұқсас **"тулақ шашу"** дәстүрі бар. Жүн сабау біткен кезде, үй иесі көмектескен әйелдерге сый-құрметін көрсету үшін дастарқанға шақырған. *(Ғаламтордан)*



ә. Мәтіннен туынды зат есімдерді теріп жаз. \_\_\_\_\_

---



---



---



---

б. Мәтін бойынша 3-5 сұрақ жаз.




---



---



---



---

в. Халқымыздың өзің білетін дәстүрлерінен жаз. Үлкендерден көмек сұра.

---



---



---



---



---



---



---



---



---



---

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



**СЫН ЕСІМ ЖАСАЙТЫН ЖҰРНАҚТАР**

**Есімдерден**

**Етістіктен**

жұрнақтар	мысалдар
1) -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті;	1. далалы, орманды;
2) -сыз, -сіз;	2. баласыз, үйсіз;
3) -ғы, -гі, -қы, -кі;	3. жазғы, ішкі;
4) -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тәк;	4. жастық(шақ), жылдық;
5) -шып, -шіп;	5. ұйқышып, кекшіп;
6) -шаң, -шең;	6. сөзшең, бойшаң;
7) -дай, -дей, -тай, -тей;	7. тастай, судай;
8) -қой, -қор, -паз, -кер, -гер;	8. санқой, әуесқой;

жұрнақтар	мысалдар
1) -ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек;	1. жабысқақ, үркек;
2) -ық, -ік, -қ, -к;	2. ашық, ақсақ;
3) -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш;	3. білгіш, айтқыш;
4) -ғыр, -гір, -қыр, -кір;	4. тапқыр, алғыр;
5) -шақ, -шек;	5. ұялшақ, сүріншек;
6) -ынды, -інді, -нды, -нді;	6. асыранды, үйінді;

- Зат есім, сын есім, сан есімдер *есім сөздер* деп аталады.

**11-тапсырма.** Сызба бойынша туынды сын есім жаса.

Зат есім + -шыл =

Етістік + -ық =

**12-тапсырма.** а. Өлеңді мәнерлеп оқы. Мағынасын түсініп ал.

**Жеті мүшел**



...Бірінші мүшел – балалық,  
Екінші мүшел – жиырма бес,  
Майданға кірер қол алып.  
Отыз жеті үшінші,  
Енетін кезі сана нық.  
Қырық тоғыз – төртінші,  
Білінер бойдан даралық.  
Бесінші мүшел – алпыс бір,

Өсиет айтар даналық.  
Алтыншы мүшел – жетпіс үш,  
Жастығың келмес оралып.  
Жетінші мүшел – сексен бес,  
Денсаулық қалар тоналып.  
Бұдан соң келген мүшелдер,  
Жатпайды тіпті саналып.

(Ө.Ақыпбекұлы)

ә. Сұрақтарға жауап бер.



– Мүшел жас неше жылда қайталанады? \_\_\_\_\_

– Бірінші мүшел неше жаста болады? \_\_\_\_\_

б. Сын есімнен жасалған туынды зат есімдерді теріп жаз.



\_\_\_\_\_


\_\_\_\_\_

в. Мүшел жас туралы үлкендермен әңгімелес.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

13-тапсырма. Ребусты шеш. Шешуін қатыстырып сөйлем құрастыр.



14-тапсырма. Өлшем атауларын біле жүр.



15-тапсырма. Тағы қандай дәстүрлі өлшем атауларын білесің? (Үлкендерден көмек ал)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**16-тапсырма.** а. Мәтінді түсініп оқып, ат қой.

1987 жыл. Маусым айының басы. Жайлауға қонғалы, көп бола қоймаған. Мал аяғы баспаған жонның шөбі шүйгін. Гүл, бәйшешек, қойжуаның иісі мұрынды жарады. Түрлі түсті көбелектер гүлден-гүлге қонып, рақаттана ұшады. Шұрқыраған жылқы, арқыраған айғырлар. Өлеңді жерді қуалай жайылған өгіздер. Сарқыраған тау өзені. Мөлдіреген тас бұлақтар.

Осындай бір ғажайып шақта Ортасайдың басын жайлап отырған едік. Қыстай мал баққан, көктемде төлмен алысқан малшы ауылдың арқасы кеңіп, бар ауыртпалық балаларға міндеттелген кез. Менің міндетім – бір күні қой, бір күні қозы бағу. Үшінші күні ала таңнан биелерді байлап, сол күні бие сауғызу.

Ат шаптырым биебау, күлдір-күлдір кісінеген ноқталы 17-18 құлын. Құлынына түскен мама биелер. Екі сағат сайын сауын уақыты келеді. Биелердің басын сауғызып, аяғына жеткенше, бір сағат зулап өте шығады. Қымызға қызара бөртіп, тағы сауынға шығамыз.

Төртінші күні ғана толығымен демалатынбыз. Ол күні тек балық аулауға, қымыз қыдыруға, асау үйретуге, тойға баруға болады. Жаз маусымы осылай өте шығатын. Сайды өрлеп 4-5 ауылдың қойы өретін. Қойшылар – кілең балалар. Қойды жіберіп қойып, көлдің жағасында жарыс салып, көкпар тартып, жанторсықтағы қымыздан ішіп, әңгіме-дүкен құрып жатамыз. Бір көзіміз үнемі баққан малымызда болатын. Уақыт деген тез өтіп кететін.

Сондай күндердің бірінде күнгейді қапталдап, қыраттың асуына жеткен қойлар дүр етіп үрікті. Көзіміз жеткенмен, жағалауда жүрген біз алыстамыз. Анық көрдік. Бір қасқыр қуып келеді. Атымызға мініп, айғайлап тұра шаптық. Шауып келеміз, айғайлап келеміз. Бір кезде қасқыр шұңқырға түсті де, жоқ болып кетті. Екі бала алдымен жеттік. Келсек, қасқырымыз бір қойды басып алыпты. Жағы ашылмайды. Бізді көрді де тұра қашты. Қыратты асыра қуып қайттық. Артымызда қалып қойған балалар да жетті.

«Қойды жемепті!» деп қуанып, шулап жатырмыз. Не болған дейміз? Не болған десек, қасқыр қойға шабуылдап тұра ұмтылған сәтте қасымыздағы бір бала тымағының бауын бірнеше түйіп байлап, түйілген бауды аузына тістеп алған екен.

Қазақтың ырымы! Оған әкесі үйреткен. Сол кезде қасқырдың жағы қарысып қалған көрінеді. Бұл – өз көзіммен көрген, басымнан өткен оқиға.

Қазақ – дала заңын жетік білген дана халық!

(Е.Бейіпхан)

ә. “Арқасы кеңу”, “өлең”, “сауын” деген сөздердің мағынасын түсіндіріп жаз.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Кілең –**  
өңкей,  
өңшең,  
ылғи.

– “Қасқыр” сөзінің жуық мағыналарын жаз.



б. Сұрақтарға жауап бер.



– Өңгіме саған ұнады ма? Неліктен? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



– Қасқыр қойды неге жемеді? \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**17-тапсырма.** Сурет бойынша ертегі құрастыр. Ертегіге ат қой.



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**18-тапсырма.** Сайқымазаққа туынды сөзді құлпынайларды теруге көмектес.



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Тапсырмаларды орындап, дұрыс жауаптарды «Жауап бөліміне» жаз.

1. Сөздің бастапқы мағыналы бөлшегін анықта.
  - A. Қос сөз
  - B. Біріккен сөз
  - C. Түбірлес сөз
  - D. Түбір сөз
  - E. Тіркес сөз
2. Қосымшаның неше түрі бар?
  - A. 2
  - B. 3
  - C. 4
  - D. 1
  - E. 5
3. Туынды сөзді тап.
  - A. Қала
  - B. Атадан
  - C. Әкеме
  - D. Ауылдас
  - E. Бұрын
4. Түбір сөздер қатарын көрсет.
  - A. Маңдайша, ана
  - B. Әке, әсемпаз
  - C. Бала, дос
  - D. Білім, ілім
  - E. Өнерпаз, білгіш
5. Туынды сөздің анықтамасын көрсет.
  - A. Жұрнақ пен жалғаудың тіркесуі арқылы жасалған түбір.
  - B. Түбір мен қосымшадан құралған сөз.
  - C) Түбірге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады.
  - D) Сөздің бөлшектенбейтін бөлігі.
  - E) Екі түбірдің қосылуы арқылы жасалады.
6. Біл, өнер, сурет сөздерінен туынды түбір жасауға болатын жұрнақтарды тап.
  - A. -ша, -ім, -гіш
  - B. -ғыш, -гіш, -шы
  - C. -шы, -ып, -іп
  - D. -лы, -лі, -гіш, -ғыш
  - E. -ім, -лі, -ші
7. Туынды зат есімді тап.
  - A. Өнерлі
  - B. Жапырақ
  - C. Шегеле
  - D. Жидектер
  - E. Астық
8. Жұрнақты анықта.
  - ла, -ле, -да, -де, -та, -те
  - A. Зат есім жасаушы жұрнақ
  - B. Сын есім жасаушы жұрнақ
  - C. Етістік тудырушы жұрнақ
  - D. Реттік сан есімнің жұрнағы
9. Сын есім тудыратын жұрнақтар қатарын тап.
  - A. -ша, -ім, -гіш
  - B. -ғыш, -гіш, -шы
  - C. -шы, -ып, -іп
  - D. -лы, -лі, -шаң, -шең
  - E. -ім, -лі, -ші

Жауап бөлімі									
Тапсырма	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жауабы									

Өзіндік бағалаудың жол картасы. Тарау: “Ұлттық құндылықтар”					
Тақырыптық сабақ: 2					
Бағалау	Түбір, жұрнақ	Туынды түбір	Сөз табы	Сөйлем	Мәтін
Өзіндік бағалау	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
Мұғалім бағалауы	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Есімдік

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Бұл тарауда сен:

- есімдік туралы ұғым;
- есімдіктің түрлері;
- жіктеу, сілтеу, белгісіздік есімдіктерінің ерекшеліктерін білумен қатар,
- мәтін туралы үйренгендеріңді еске түсіре отырып, түрлі тапсырмалар орындайтын боласың.
- Өз біліміңді өзің бағалайсың.

**1-тапсырма.** а. Сөйлемдерді мағынасына қарай дұрыс орналастырып, мәтін құрастыр.

Халқымыз «Еңбектің наны тәтті» деп бекер айтпаған.

Бұл да бір қиын жұмыс екен.

Жерімізге қияр, қызанақ, қауын, қарбыз тағы басқа ектік.

Мен оларды күнде таңертең суарамын.

Өкінішке орай, бүгінгі уақытта жастар арасында кітап оқу әдеті дамымаған.

Ауламызға алма, алмұрт, өрік қатарлы ағаштар отырғыздық.

Осы көктемде әкем екеуіміз бақшаға әртүрлі көкөніс, жеміс-жидек ектік.

Көктем де келді.

Бастысы еңбек емес пе!?

---

---

---

---

---

---




---




---

---

---

ә. Мәтінге ат қой. \_\_\_\_\_     

б. Мәтін мазмұнына сай келмейтін сөйлемді тап. \_\_\_\_\_     

в. «Мен оларды күнде таңертең суарамын.» деген сөйлемдегі «мен», «оларды» деген сөздердің орнына қандай сөздерді қолдануға болады? \_\_\_\_\_     

---

---

---

---

---

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**2-тапсырма.** а. Мәтінді түсініп оқы.**Еңбекпен тапқан тиын***(Грузин ертегісі)*

Біреудің ерке ұлы болыпты, өзі жалқау екен. Әкесі оны бағып-қағып, асырапты. Ақыры кәрілік жеңіп, сырқаты күшейген әке әйеліне айтыпты:

– Ұлыма ештеңе қалдырмаймын. Ол – жалқау. Барды ұқсату, табыс табу бұның қолынан келмейді.

Жаны ашыған анасы ұлына он сомдық алтын береді: – «Мынаны еңбегіме алған едім», – деп, әкеңе алтынды сыйлағайсың.

Кешке алтынды әкесіне ұсынады. Әкесі алтынды лаулап жанып жатқан пешке лақтырып жіберіп:

– Бұл сенің еңбекпен тапқан ақшаң емес, – депті.

Құлықтан ештеңе шықпайтынын білген анасы:

– Біз әкеңді алдай алмайтын көрінеміз, балам. Онан да ақшаны жұмыс істеп тап, – деп ақыл айтыпты.

Бала үйінен кетіп, апта бойы жұмыс істейді. Тапқан тиынын әкесіне әкеп береді. Қария алтынды тағы да отқа лақтырып жібереді. Бұған ұлы шыдай алмай, жалаңаш қолымен ақшаны суырып алады да:

– Әке! Мен бұл тиынды апта бойы шаршап-шалдығып жүріп таптым. Мұныңыз қалай? – деп айқай салыпты.

Сонда әкесі:

– Бұл ақшаны өз еңбегіңмен тапқан екенсің, балам. Көзім жетті, – депті ұлына.

ә. Мәтін бойынша 5 сұрақ құрастыр.




---



---



---



---



---

б. Мәтін кейіпкерлерін ата. \_\_\_\_\_

в. Мәтіндегі негізгі ойды анықта. \_\_\_\_\_




---



---



---

г. «Біреудің ерке ұлы болыпты, өзі жалқау екен. Әкесі оны бағып-қағып, асырапты.» деген сөйлемдердегі бір мағынаны білдіріп тұрған үш сөзді тауып, астын сыз.

**3-тапсырма.** Белгілі бір заңдылық бойынша жасырылған сөзді табайық.



	1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ж	М	И	С	Ө	Ә	Қ	Һ
2	Е	Н	І	К	Б	Д	Ұ	Ы



Заңдылығы: ( 2-1; 1-4; 2-3; 1-2; 2-6; 2-3; 2-4)

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



Зат есім, сын есім, сан есімнің орнына қолданылатын сөздерді **есімдік** дейміз.  
 Мысалы: ол, мынау, әркім, ешкім, өзі, бәрі, қашан?

Есімдік білдіретін мағынасына қарай 7 топқа бөлінеді.



4-тапсырма. а. Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.



**Қолғабыс**

Дала ызғар, таңғы леп,  
 Шығыстан жел тұрыпты.  
 Қасым жатыр қар күреп,  
 Маңдайын тер жуыпты.

ә. Өлеңде есімдік бар ма? 1.Иә 2.Жоқ

---



---



Шаршауды еш білмейді,  
 Түріп тастап білекті.  
 Өрі-бері сілтейді,  
 Өзінен дәу күректі.

б. Өлеңдегі «Қасым» деген сөздің орнына қандай есімдік қолдануға болады?

---



---

Еңбек сүйгіш кішіге,  
 Сүйсініп-ақ қарайсың.  
 Атасы ырза ісіне,  
 Дейді оған: «Жарайсың!» (Б.Үсенбаев)



в. Қар күреп жатқан Қасымның бейнесін сипаттап жаз.



---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**5-тапсырма.** а. Мәтіндігі қалып қойған сөздерді толықтырып, түсініп оқы.

Бір жарлы жігіт жас күнінде оқытқан ұстазымен жолығып, өзінің бұл күнде кедей болғандығын айтып шағымданады. .... бірге оқыған серіктестерінің көбі бай болып, ..... жұртқа қадірлі кісі болып кеткенін, өзінің ..... көрген күні жоқшылық екенін айтады.

– Қалайша ..... өзің айтқандай кедейсің? ..... денің сау, қол-аяғың аман, еңбекке жарарлықсың, – деді ұстазы. .... кейін шәкіртінің оң қолын көрсетіп, былай деді:

– Сен ..... қолыңды мың сомға кестіруге рұқсат етер ме едің?

– Құдай сақтасын! Он мың сомға да кестірмеспін, – деді жігіт.

– Жарық дүниені көретін қырағы көздеріңді, сақ құлақтарыңды, мықты аяқтарыңды қаншаға берер едің? – деді ұстазы.

– ..... дүниенің малына да айырбастамас едім, – деді шәкірт. Сонда ұстаз шәкіртке: – Қалайша осынша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің? – дейді. (Ғаламтордан)



**Қажетті сөздер:** *сенің, мен, содан, мына, әрқашан, онымен, сен, бұларды, кейбіреулерінің.*

ә. Мәтінге ат қой. \_\_\_\_\_

б. Мәтіндегі өзара синоним сөздерді теріп жаз.



в. Мәтіндегі негізгі ойды бір сөйлеммен түйіндеп жаз.



**Жіктеу есімдіктері** үш жақта, жекеше, көпше түрде қолданылады:  
*мен, сен, сіз, ол, біз, біздер, сендер, сіздер, олар.*



**Сілтеу есімдіктері** меңзеу, нұсқау, көрсету мағынасын береді:  
*мына, мынау, сол, бұл, солар, осы, сонау, әне, міне, анау, т.б.*



**Белгісіздік есімдіктері** затты, сындық белгіні, сан, мөлшерді тұспалдап, жорамалдап көрсетеді:  
*біреу, кейбір, әрбір, біраз, бірдеме, бірнеше, әлдекім, әрқашан, т.б.*

**6-тапсырма.** Мақалдардың жалғасын толықтырып жазып, жаттап ал.

Еңбек ерлікке жеткізер, \_\_\_\_\_

Еңбек етпей, елге өкпелеме, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_, ерінбесең жеңерсің.

Екпей, егін бітпес, \_\_\_\_\_

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

7-тапсырма. а. Шағын әңгіме жаз.



### Менің отбасыма қолғабысым

Lined writing area for the student's response to task 7a.

ә. Өзің құрастырған әңгімеден жіктеу, сілтеу, белгісіздік есімдіктерін теріп жаз.



Two horizontal lines for writing the answer to task 7b.

б. Төмендегі сұрақтар төңірегінде ойланып, іштей қорытынды жаса.

- Сен еңбекқорсың ба, жалқаусың ба?
- Сабағыңды уақытыңда ешкімнің тақауырлауынсыз оқисың ба?
- Сен үшін ең еңбекқор адам кім? Кімді үлгі тұтасың?
- Үлкендердің тілін алмай, ренжіткен кезің болды ма?
- Теріс қылықтарың үшін кімнен кешірім сұрағың келеді?



в. Берілген сілтеме бойынша бейнежазбаны тамашалап, қолыңнан келмейтін істе басқалардың ақылын алудың маңыздылығын ескер.



<https://www.youtube.com/watch?v=E0nGSIfgakQ>

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Тапсырмаларды орындап, дұрыс жауаптарды «Жауап бөліміне» жаз.
















1. Есімдік деген не?
  - A. Заттың қимылын білдіретін сөздер
  - B. Зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалатын сөздер
  - C. Заттың атын білдіретін сөздер
  - D. Заттың санын білдіретін сөздер
  - E. Бір түбірден тарайтын сөздер
2. Жіктеу есімдігімен тіркесіп тұрған сөзді тап.
  - A. Сіз келесіз
  - B. Атасының баласы
  - C. Қалаға бару
  - D. Балалар ойнады.
  - E. Он дәптер
3. «Маған» деген сөз қай септікте тұр?
  - A. Барыс септік
  - B. Жатыс септік
  - C. Табыс септік
  - D. Атау септік
  - E. Шығыс септік
4. Ол сөзінің шығыс септікте тұрғанын көрсет.
  - A. Оған
  - B. Ол
  - C. Оны
  - D. Онымен
  - E. Онан
5. Мен қай есімдікке жатады?
  - A. Сілтеу
  - B. Сұрау
  - C. Жіктеу
  - D. Белгісіздік
  - E. Өздік
6. Сілтеу есімдігін тап.
  - A. Сіз
  - B. Неше?
  - C. Анау
  - D. Арман
  - E. Әлдене
7. 3-жақта, көпше түрдегі есімдік?
  - A. Олар
  - B. Сіздер
  - C. Біздер
  - D. Мен
  - E. Ол
8. Көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қой.
 

..... сынып тату

  - A. Сенің
  - B. Сіздің
  - C. Біздің
  - D. Мен
  - E. Әлдене
9. Белгісіздік есімдігін көрсет.
  - A. Ешқашан
  - B. Сіздер
  - C. Бәріміз
  - D. Әлдеқашан
  - E. Мынау
10. Бұл қандай сөз?
 

Әрі етікші құралы, әрі есімдік: \_\_\_\_\_ Әрі етістік, әрі есімдік: \_\_\_\_\_

Жауап бөлімі									
Тапсырма	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жауабы									

Өзіндік бағалаудың жол картасы. Тарау: “Еңбек – ердің көркі”				
Тақырыптық сабақ: 2				
Бағалау	Сөз табы (Есімдік)	Сөйлем	Мәтін талдау	Мәтін құрастыру
Өзіндік бағалау	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>
Мұғалім бағалауы	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>	 <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>  <input type="checkbox"/>

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



Үстеу

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

- Бұл тарауда сен:
- үстеу;
  - шылау;
  - одағай сөздердің ерекшеліктерін білумен қатар,
  - мәтін туралы үйренгендеріңді еске түсіре отырып, түрлі тапсырмалар орындайтын боласың.
  - Өз біліміңді өзің бағалайсың.

1-тапсырма. а. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

ә. Маралдың сұрақтарына сен қалай жауап берер едің?



Маралдың сұрақтары



Таңертеңмен ойнайтын,  
Ойынға бір тоймайтын.  
Марал деген баланың,  
Сұрағы жоқ қоймайтын.

– Жаңбыр қалай тұр құйып?  
Неге ысиды күн күйіп?  
Аспан неге көкпеңбек?  
Таулар неге тым биік?

Терек қалай тоңбайды?  
Шырша неге солмайды?  
Жаздыгүні далада,  
Қалайша қар болмайды? –

Осылайша анасын,  
Атасы мен апасын,  
Шаршатады, қарасаң,  
Бір қызыққа батасың.

– Марал! Мұның ұят тым!  
Тұрар бұған шыдап кім?!  
Кейде тіпті сұрайсың:  
– Аты кім, – деп, – Мұраттың?  
(Қ.Жұмағалиев)

Blank lines for writing answers to the questions.

б. Өлеңдегі мезгілді білдіріп тұрған сөздерді теріп жазып, сұрақ қой.

Light green rectangular box for writing.

Light green rectangular box for writing.

Light orange rectangular box for writing.

Light orange rectangular box for writing.



в. Өлеңдегі сөзге күшейткіш мән үстеп тұрған сөздерді теріп жаз.




Тым, \_\_\_\_\_



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат




**2-тапсырма.** Берілген тұрақты сөз тіркесіне жуық мағыналы сөздерді жазып, сұрақ қой.

- Көзді ашып-жұмғанша: \_\_\_\_\_ 
- Қас қарайғанда: \_\_\_\_\_ 
- Айна қатесіз: \_\_\_\_\_ 
- Аяқ астынан: \_\_\_\_\_



**Үстеу** – іс-әрекеттің мезгілін, мекенін, амалын, мөлшерін тағы басқасын білдіретін сөздер. Сұрақтары: Қашан? Қайда? Қалай? Қайтіп? Не себепті?  
*Мысалы:* кешке, күндіз, ерең, төмен, баяу, шапшаң, кенет, тым, өте, әдейі, т.б.



**3-тапсырма.** а. Дыбыстарды дұрыс орналастырып, үстеу жаса. Артық сөздің астын сыз. Рытлыб, ірегілі, ашмада, йелікіш, петкем, надзыслама, ійедә, недбә.     

ә. Сөздерді қатыстырып, сөйлем құра. Қатесіз, көркем жаз.     

**4-тапсырма.** Берілген сөздерге сұрақ қой.     

Мектепте    үйден    күз    қысқы    жаз    таудай    таулы

- Бұл сөздер үстеу бола ма? Неге?

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**5-тапсырма.** Жұмбақтардағы үстеулерді тауып, астын сыз. Жұмбақтарды шеш.

1. Күндіз бармын, түнде жоқ,  
Ішім жанып тұрған от.  
Кештетіп барып сөнемін,  
Таңертең қайтып келемін.

(.....)

2. Түнде жүрсен күндіздей,  
Жағар әркім үйге үзбей.  
Жарық берер әлемге,  
Тиіп кетсең білгізбей.



(.....)

3. Әлемнің бар екі күзетшісі,  
Бірі – күндіз тынығады,  
Бірі – түнде тынығады.

(.....)

4. Таңертең тұрдым,  
Екі сайды құдым.

(.....)

**6-тапсырма.** Тыйым сөздерді түсініп оқып, жаттап ал.

Құдыққа түкірмейді,  
Дәм татқан ыдысым деп.  
Су көзін құрметтейді,  
Сарқылмас ырысым деп.

Қимайды түйе бұйдасын,  
Қиылар деп үмітім.  
Бұзбайды құстың ұясын,  
Тұрмайды деп үй бүтін.



- Халқымыздың табиғат қорғауға қатысты ырым-тыйым, салт-дәстүрлерінен үлкендерден сұрап, біліп ал.

**7-тапсырма.** а. Мәтінді түсініп оқы.**Шипалы су**

Бір топ бала жазғы демалыста тауға серуенге шықты. Олар тау етегіндегі шоқ ағашқа келіп демалды. Осы кезде Мұқан мен Кәкімжан ағаш ішін аралап кетті. Екеуі мөлдір бұлақтың үстінен шықты.

Екі бала бұлақтың бойын қуалай, жоғары өрледі. Көп ұзамай, ақ бұлақтың көзін тапты. Олар судың дәмін қайта-қайта татып көріп, тамсана түсіп, біраз отырды. Бұлақтың басына серуендеп жүрген балалар да келді. Судың дәмін бәрі де татып көріп, түрлі-түрлі пікірлер айтты.

Бұл су асқазан ауруын емдейтін шипалы су болып шықты. Осы суды ішіп, талай адам жазылды.

*(Ғаламтордан)*

ө. Мәтіннен есімдік және үстеу сөздерді теріп жаз.



Есімдік: \_\_\_\_\_

Үстеу: \_\_\_\_\_

б. Сұрақтарға жауап бер.



- Шипалы суды не деп атаймыз? \_\_\_\_\_
- Аймағымызда қандай шипалы сулар бар?

в. «Олар» деген сөздің түбірі мен қосымшасын ажырат және буынға бөл.



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**8-тапсырма.** Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы. Жаттап ал.



**Мен таулықпын!**

Тау дейтін алып жүрек Ана туған,  
Мен таулықпын!  
Таудан мен жаратылғам.  
Киіктің сүтін еміп ержеткенмін,  
Қуат алып қыранның қанатынан.

Тау ұлымын,  
Тау – менің дәу бесігім.  
Мен оның әуресімін, сәулесімін.  
Асқар шыңдар желпиді бесігімді,  
Бір орамын ағытып сәлдесінің.

Мен таулықпын,  
Таудан мен жаратылғам.  
Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.  
Күн алғашқы сәулесін маған шашып,  
Маған келіп түнейді қара тұман.

Мен таулықпын!  
Таудан мен жаратылғам.  
Тау деген Ана туған дара тұлғам.  
...Тауға барып,  
Көкке ұшып кетсем бе екен,  
Ұстап алып қыранның қанатынан?!

(М.Мақатаев)

**9-тапсырма.** а. Мәтінді түсініп оқы.



**Ақсақ киік**

Басқалардан оқшау қала бастаған жаралы киік оқ тигеніне қарамастан, шоқақтап келеді. Құс сияқты қанаты болмаса **да**, жерден биік көтеріле алмаса **да**, жас киік әлі ширақ көрінеді. **Бірақ** киік **пен** шапқан аттар аралығындағы қашықтық бірте-бірте қысқара түсті.

Ауылдың сыртында ойнап жүрген топ бала бұл көрініске таңырқай қарап қалыпты. Киіктер көзден таса болып, қуғыншылар әбден көрінбей кеткенше, топ бала аттылар соңында қалған бозғылт шаңның сүреңіне қарады **да** тұрды.

**Әсіресе**, топ баланың ішіндегі жасы онға жаңа келген қыз бала әлгі көріністерге зер сала қарады. Жас болғанмен, оның жүрегінде әлдебір аяныштың ізі қалып қойғандай еді. (Ғаламтордан)

ә. Мәтінде қарамен берілген сөздердің мағынасына зер салып, сұрақ қой. Қандай ерекшелік байқағаныңды жаз.




---



---



---

б. Аңшылардың әрекетінен қандай ой түйдің?




---



---



---

**10-тапсырма.** Ребусты шеш.



”



,



Толық  
мағынасы жоқ

Сұраққа жауап  
бермейді.

Сөз бен сөзді  
байланыстырады.

Сөзден бөлек  
жазылады.

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**11-тапсырма.** а. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы. Өзің қалаған бөлігін жаттап ал.



**Қар жауып тұр**

Апыр-ау, бір-ақ түнде қыс келген бе?!  
 Қар ғой мынау, бір түнде түскен жерге!  
 Бір түнде мына аймақтың өңі өзгеріп,  
 Бір-ақ түнде керемет істелген бе?!

Жайымен жапалақтап қар жауып тұр.  
 Үлгермей де қалдың-ау қамданып бір.  
 Ыққа кеп қонақтаған көгершіндер,  
 Бұталарға қарайды таңданып құр.

Қар жауып тұр,  
 Жауып тұр, қар жауып тұр.  
 Заңды ғой. Заңды бәрі, талас бар ма,  
 Аққа оранған көшелер, ағаштар да.  
 Бар табиғат өзара жарасқан ба?

Ақ мамықтар ұшып жүр ақ аспанда.  
 Қала жатыр оранып ақ тұманға,  
 (Сірә, дала кіршіксіз, ақ бұдан да.)  
 Жығылған соң жалауы, жаз тығылды,  
 Қыс кіре алмас өмірі шахталарға.

Қыс қытымыр,  
 Жайлы емес далаға онша.  
 (Малшыларға қиын-ау, дара қонса...)  
 Біледі өзі табиғат, қайтер едік,  
 Қыс ақ болмай, егер де қара болса?!  
 (Мұқағали Мақатаев)

ә. Өлеңнен шылау сөздерді теріп жаз.  
 Жазылу емлесін есіңде сақта.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



б. «Жығылған соң жалауы, жаз тығылды» деген жолдың мағынасын қалай түсінесің?

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



в. «Қар» деген сөзге дыбыстық талдау жаса.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



**12-тапсырма.** а. Жақшаны ашып, сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып, көшіріп жаз.

Киіміңмен мақтан(ба)  
 Кітап(та) қызықты ертегілер көп екен  
 Досан(мен) бірге балық аулауға бардым  
 Бүгін ешқайда бар(ма)

Бұл саған мақтан(ба)  
 Іздеген кітап(та) табылды  
 Досан(мен) Ермек – тату достар  
 Ағаң үйде бар(ма)

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

- **Ба, та, мен, ма** дегендердің қайсысын бірге, қайсысын бөлек жаздың? Неліктен?



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**13-тапсырма.** Берілген сілтемелер бойынша бейнежазбалармен танысып, тапсырмаларды орында.



<https://www.youtube.com/watch?v=ptfNTXDvjAg>

а. Бейнежазбаларды көріп, алған есеріңді 5-6 сөйлеммен жаз.

<https://www.youtube.com/watch?v=Um5Q6i0Scic>

Horizontal lines for writing the answer to task 'a'.

ә. Бейнежазбаны көріп, адамның теріс іс-әрекеттері табиғатқа қандай зиян келтіретінін, табиғатты қалай қорғау керек екендігін 5-6 сөйлеммен қорытындылап жаз.

<https://www.youtube.com/watch?v=uo4RZeHvaHU>



Horizontal lines for writing the answer to task 'ә'.

б. Сен жоғарыдағы бейнежазбаларды көрген кезде, табиғат тамашаларына таңғалып, сүйсінгеніңді немесе адамдардың табиғатқа тигізген зиянына ренжіп, өкінгеніңді қандай сөздермен білдірдің? *Үлгі:* Шіркін-ай, па...

Horizontal lines for writing the answer to task 'б'.



**14-тапсырма.** Суретке мұқият зер салып, ой өрбіт. Өз өлкеміздегі өзендер мұндай жағдайға душар болмас үшін әрбіреуіміз не істегеніміз жөн?



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн .....сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**15-тапсырма.** Берілген сөздердің қандай мағынаны білдіріп тұрғанын жаз.

**16-тапсырма.** Төмендегі кестеге зер салып, одағай сөз деп қандай сөздерді айтатынын қорытындылап жаз.

---



---



---

**17-тапсырма.** Жоғарыдағы кестеде берілген үш топтың әрқайсысынан 2 мысал таңдап алып, сөйлем құрастыр.




---



---



---



---



---

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**18-тапсырма.** а. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.



**Көк өріс**

Бояуы мол табиғат,  
Бар өнерін төккен кеп.  
Көрген көзге, ақиқат,  
Көкпеңбек-ау, көкпеңбек!

Шалғыны тұр желкілдеп,  
Шіркін, мұндай көк қайда!?  
Балапанның үлпілдек,  
Бауырындай мап-майда.

Басын желге ырғайды,  
Балаусасы балбырап,  
Басуға адам қимайды,  
Жайылады мал бірақ... (Қ.Мырза Әли)

ә. Өлеңнен берілген сөз таптарын теріп жазып, кестені толтыр.




Сын есім	Шылау	Одағай

б. Өлең мазмұны бойынша сурет сыз.



**19-тапсырма.** Ребусты шеш. Жауабын қатыстырып, сөйлем құра.





Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

1. Берілген есімдіктерді септе.



Септіктер	Мен	Бұл

2. Берілген сөздерден мезгіл, мекен үстеулерді теріп жаз.



Былыр, ертең, қазір, бүгін, асығып-үсігіп, таңертең, кешке, сәл, ілуде, әзірге, лезде, алға, бет-бетімен, ендігәрі, ілгері, қыстай, төмен, осынша, талай, кеше, шикілей, бағана, ерең, ала жаздай, әрі, бүгін, құсша.

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

3. Өлеңдердің ұйқасын тап. Шылаулардың астын сыз.



Екі бала таласты,  
Едірейе .....:  
– Жылқышы –  
Ол кісі, –  
Деді Арнұр.

– Жылқышы –  
Көл құсы, –  
Деді Жаннұр.  
Кім жаңылып, бұрыс айтты?  
Екеуі де .....  
(М.Әлімбаев)



Қиын оны көлік деу:  
Қом артып, жүк тиемес.  
Түйеге жүр еліктеп,  
Бірақ та ол .....

Болса дағы санатта,  
Құстың ісін істемес.  
Бар құйрық та, қанат та,  
Ұшатын да .....

Әрі түйе, әрі құс,  
Болам деп, бос шатылған:  
Ақырында ол байғұс  
Түйеқұс деп .....  
(Қ.Мырза Әли)

4. Одағай сөздердің тыныс белгілерін қой. Жаттап ал.

Шұғайбай Шығайбайға:  
– Су қайда әй? – деді.

Шығайбай Шұғайбайға:  
– Шық ойбай – деді.

Өзіндік бағалаудың жол картасы. Тарау: Табиғат – тал бесігім			
Тақырыптық сабақ: 4			
Бағалау	Үстеу	Шылау	Одағай
Өзіндік бағалау			
Мұғалім бағалауы			

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Сөйлем мүшелері

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Бұл тарауда сен:

- сөйлем мүшелері;
- тұрлаулы мүшелер;
- бірыңғай мүшелердің ерекшеліктерін білумен қатар,
- мәтін туралы үйренгендеріңді еске түсіре отырып, түрлі тапсырмалар орындайтын боласың.
- Өз біліміңді өзің бағалайсың.

**1-тапсырма.** а. Жасырылған мақал-мәтелдерді тап.



1.



2.



ә. Айтылу мақсатына қарай және құрамына қарай қандай сөйлем болады? Үйлестір.

1-сөйлем	Хабарлы сөйлем
	Лепті сөйлем
2-сөйлем	Сұраулы сөйлем

1-сөйлем	Құрмалас сөйлем
2-сөйлем	Жай сөйлем



б. Сөйлемдер неше сөзден құралған? \_\_\_\_\_

в. Сөйлемдердің құрамындағы әр сөзге сұрақ қой. Сұраққа жауап бере алмайтын сөз бар ма? Барлық сөз сұраққа жауап бере ала ма?



**2-тапсырма.** Бір сөзбен қалай атайды?

Бірге туылған үш сәбиді: .....

Елге бақ, береке тілейтін халық аңызындағы қарияны: .....

Ұсақ затты (тұз, құмтәтті, т.б) бас бармақ және сұқ саусақпен қосып алғандағы өлшемді: .....

Ұсақ затты үш саусақтың ұшымен қысып алғандағы өлшемді: .....

Ескі ай мен жаңа ай аралығындағы мерзімді: .....

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**3-тапсырма.** Берілген сілтеме бойынша бейнежазбаны көріп, түсінгеніңді белгілеп ал.



<https://www.youtube.com/watch?v=tdoiExED3>



Large empty rectangular box with horizontal lines for writing.

**4-тапсырма.** Сөйлемдердің бастауышы мен баяндауышын тауып, астын сыз.

Мен 5-сыныпта оқимын. Менің анам – дәрігер. Болашақта дәрігер болуды армандаймын. Арман алға жетелейді. Арманымның орындалатынына сенемін.



Көбінесе:  
• Бастауыш зат есімнен, баяндауыш етістіктен болады.  
• Бастауыш сөйлемнің басында, баяндауыш соңында тұрады.



**5-тапсырма.** Сөйлемдердің бастауышын тауып жаз.

Ойлауменен \_\_\_\_\_ толады.

Ойнауменен \_\_\_\_\_ толады.

Талабы жоқ \_\_\_\_\_ білімнен құр қалады.



Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат




**6-тапсырма.** а. Сөйлемдерді оқы. Қарамен жазылған сөздерге зер сал. Сұрақ қой.

1. Біз Абайдың қарасөздерін, өлеңдерін оқимыз. 2. Айжан, Жанар, Сәулелер – дос.
  3. Жел гуілдейді, ысқырады. 4. Мен қызыл, сары, көк түстерді ұнатамын.
- 2, 3-сөйлемдерді көркем, қатесіз көшіріп жазып, бастауыш пен баяндауышты тап.


---



---

- Қарамен жазылған сөздердің бір сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі болатынын байқадың ба?     

**7-тапсырма.** Сызба бойынша сөйлем құра.



Сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бірдей тұлғада тұратын сөйлем мүшелерін **бірыңғай мүшелер** дейміз. Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады. **Мысалы:** Ләйла үйге **барсын, тынықсын.**

**8-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Бірыңғай мүшелер қатысқан сөйлемдерді теріп жаз.

**Отан деген...**

Бірде мектептің алдында сыныптастарыммен әңгімелесіп отырып, сөз таластырып қалдық.

– Біздің көше – ауылдағы ең әдемі көше, жып-жылтыр асфальт төселген, – деді Мәдина.

– Ешбір көше біздің көшеге жетпейді. Көшеміз кең, жарық, – деді Әсел.

– Біздің көшенің жиегінде жап-жасыл ағаштар тізіліп тұр. Тіпті өзіңді саябақта жүргендей сезінесің, – деп, мақтанышпен сөйледі Меруерт.

– Қойыңдаршы, қыздар, бірде-бір көшенің ерекшелігі жоқ. Бұл бір кішкентай ауыл ғой, – деп, қабақ шытты Салтанат.

Кенет өткір мінезді Самалдың қатқыл үні бәрімізді елең еткізді.

– Неге, неге олай дейсің, Салтанат?! «Отан» деген құдіретті ұғымның өзі осы ауылыңнан, өз көшеңнен басталмай ма? Өз көшеңді сүймесең, мақтан тұтпасаң, Отаныңды қалай сүйесің?! – деді ол. *(Фаламтордан)*

---



---



---



---

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**9-тапсырма.** а. Мақалдарды жаттап ал.



Пәрменсіз адам болса да,  
Армансыз адам болмайды.

Аман адам амалымен пәрменді,  
Өткереді талай мақсат, арманды.

Ақыл мен білім арманыңды іске асырады.

ә. «Аман адам амалымен пәрменді» деген сөйлемді қалай түсінесің?  
Үлкендерден көмек ал.




---



---



---

б. Оқу-білім, арман, мақсат туралы өзің білетін мақал-мәтелдерден жаз.

---



---



---



---




---



---



**10-тапсырма.** Мақалдарды толықтырып, анаграмманы шеш.



- ..... қонысын іздейді,  
Ер туысын іздейді.
- Бір кісінікі – .....  
Екі кісінікі – ақыл.
- ..... түсін танығанша,  
Бірдің атын біл.
- Іздеген ..... жетер.
- Мылтық атқанның бәрі ..... емес.
- Жақсы ..... сүйінтер,  
Жаман мінез күйінтер.
- Ат қартайса, жасқаншақ болады,  
Ер қартайса, ..... болады.
- ..... асқанға бір тосқан.
- Ағаш тамырымен, адам досымен .....
- Еңбек түбі – береке,  
Көптің түбі – .....

**11-тапсырма.** Жаңылтпаштарды жаттап алып, жылдам айт.

Ата мен әже ана да,  
Алма мен алмұрт тереді.  
Ауылға Арман бала да,  
Арбамен тасып береді.

– Орал Оралдан оралды ма?  
Оралдан Омар оралды ма?  
– Орал Омар Арал Марал,  
Яғни, олар Оралдан оралды.



- Бірыңғай мүшелерді тауып, астын сыз. Тыныс белгілерін қой.
- Жалқы есімдерді теріп жаз. \_\_\_\_\_

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: ..... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

**12-тапсырма.** а. Мәтінді түсініп оқы.



**Менің арманым**

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең». Әр адамның жан дүниесінде өзінің асқақ арманы бар. Сол арман адаммен бірге өседі, өркендейді. Арманына жету үшін адам талпынады. Армандар таусылмайды.

Менің де үлкен бір арманым – журналист болу. Теледидарда сөйлеп жатқан аға-әпкелерімнен үлгі алып, олардың сөйлеу қабілетіне қызыға қараймын немесе газет-журналдарда әдемі жазылған мақалаларды оқып, үлкен бір әлемге тап болғандай боламын. Сондай-ақ журналист қарапайым халық пен жоғарғы билік арасындағы көпір іспеттес. Тек шындықты айтатын, тек шындықты жақтайтын адам ғана журналист бола алады. Ол – сөзге шешен, ұтқыр ойлы, жан дүниесі әсем, кез келген адаммен тіл табыса алатын, қарапайым, білімді адам.

«Журналист көп оқып, көп нәрсені білуі керек» деп ойлаймын. Мен де жоғары білім алып, халқыма қызмет еткім келеді. Ащы да болса, шындықты жақтайтын, шындық үшін күресе білетін, өз ісінің маманы болғым келеді. Кім біледі, менің бүгінгі арманым ертеңгі болашағым болар? Бүгінгі қиялымдағы ойым ертеңгі еңбекпен тауып жейтін азығым болар?! Мен бұл арманымды міндетті түрде орындауға тырысамын.

(Ғаламтордан)

ә. «Сол арман адаммен бірге өседі, өркендейді.» деген сөйлемдегі:



- Бастауыш пен баяндауышты тауып, астын сыз.
- Бірыңғай мүшелерді тап. \_\_\_\_\_
- Сөздерді сөз табына ажыратып, кестеге белгіле.

	Сол	Арман	Адаммен	Бірге	Өседі	Өркендейді
Зат есім						
Есімдік						
Етістік						
Үстеу						
Шылау						

- «Өркендейді» деген сөзді түбір мен қосымшаға ажырат.

**13-тапсырма.** Өлеңнің ұйқасын тап. Жатқа мәнерлеп оқы.

**Көктем қуанышы**

Жан-жануар біткеннің көңілдері жайланып,  
Қуаныш боп жететін келді көктем .....

Салқын самал сызылып ұзақты күн соғады,  
Шуақты күн нұрынан қар ұялған болады.

Ана тірлік толғатып көктеменің таңында,  
Мәз болады балалар малшы ауылдың .....

Тарлан таудың төсіне балауса көк жамырап,  
Жаңа туған қозы-лақ ойнақтайды .....

Жылылықтың нышаны тамырларда таралып,  
Жабырқаған көңілдер қаз даусынан .....

Ызыңы да шыбынның жақсы хабар бергендей,  
Дүниенің қызығын көрер мезгіл .....




(С.Буяннэмэх)

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат

Оқушының аты-жөні: .....

Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



**14-тапсырма.** Өлеңді талда.

Ана – біздің күніміз,  
 Ананың біз – гүліміз.  
 Бәрімізді қуантып,  
 Ұзақ өмір сүріңіз.  
 (Е.Ашықбаев)

- Тармақ саны: \_\_\_\_\_
- Шумақ саны: \_\_\_\_\_
- Ұйқасып тұрған сөздер: \_\_\_\_\_



**15-тапсырма.** Сен оқушылар арасында өткен айтыс бәсекесіне төреші болдың деп ойла. Олай болса, төмендегі айтысқа баға бер. (Ой ұтымдылығы, ақындардың сөз қолданысы, өлең ұйқасы қатарлыларды ескер)

**Айтыс**



**Ұлдар:**  
 Ортаға сап өнерді,  
 Тарту етіп өлеңді.  
 Ақын қыздар, қайдасың,  
 Айтысайық, кел, енді!?

**Ұлдар:**  
 Жырдың керуен көші бар,  
 Көшке бізбіз қосылар.  
 Өлең сөзге келгенде,  
 Ақын қалай тосылар.

**Ұлдар:**  
 Талаптанып келеміз,  
 Жеңілеміз неге біз?!  
 Әсет пенен Біржандай  
 Жырдан маржан тереміз.

**Қыздар:**  
 Әр сөзінде талғам бар,  
 Баба жолын жалғаңдар.  
 Шақырып ап айтысқа,  
 Өлең таппай қалмаңдар.

**Қыздар:**  
 Домбырасын қолға алар.  
 Шабыттанып толғанар,  
 Жырыңды ел жаттаса,  
 Нағыз ақын сол болар.

**Қыздар:**  
 Біз даланың гүліміз,  
 Бұлбұл құстың үніміз.  
 Сара менен Ұлбике –  
 Айтылатын жырымыз.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**16-тапсырма.** Тіл, сөз өнері туралы қанатты сөздерді түсініп оқы. Жаттап ал.

Тәрбие басы – тіл. (М.Қашқари)  
 Тіліңді тый – тісің сынбайды. (А.Игүнеки)

Басқа пәле тілден. (Жиренше)  
 Тіл – өткір найза. (М.Сұлтанқожаұлы)

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады (А.Байтұрсынұлы)

Баланың сөз қоры жеткілікті болғанда ғана, өз пікірін айтып, басқалардың сөздерін дұрыс ұға алады. (Т.Тәжібаев)

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай ... күн ..... сағат



Оқушының аты-жөні: .....

Тапсырмаларды орында.

1. Сөздерді дұрыс орналастырып, бір шумақ өлең құрастыр.



Тамақты, кірісемін, кесе, құйып ап, болып, жұмысқа, жуам, су, ішіп, табақты, ыдысқа.

---



---




---



---

2. Қай көбелек қай гүлге қонады?




---



---



---



---



---



---



---

3. Жыр сөзіне дыбыстық талдау жаса.

---



---



---



---



---

4. Жоғарыдағы сөздерді зат есімдермен тіркестіріп, сөз тіркесін жаса. *Үлгі:* сыншы адам




---



---



---



---

5. а. «Кешікпей қас қарайып, аспанның тұс тұсынан жылт жылт етіп жұлдыздар көріне бастады.» деген сөйлемді құрамына ажырат.



1. Жай сөйлем

2. Құрмалас сөйлем

ә. Сөйлемнен қос сөздерді тауып, тыныс белгілерін қой.



б. Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын түсіндір.



Қас қараю: \_\_\_\_\_

в. Омонимін тап. Қас: \_\_\_\_\_



г. Синонимін тап. Аспан: \_\_\_\_\_



6. Кестені толтыр.



Сөйлем мүшелері		Тұрлаусыз мүшелер
Бастауыш	Не істеді? Не қылды? Қайтті?	





7. Сызба бойынша бірыңғай мүшелері бар сөйлем құрап, тыныс белгілерін қой.

Кім? Нені? 🍎  🍏  🍌

\_\_\_\_\_

Қызара білу, ұяла білу – адам бойындағы ең тамаша адамгершілік қасиет.

Қайтеді? \_\_\_\_\_

8. Сурет бойынша әңгіме құрастырып жаз. Әңгімеңе ат қой.



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

9. а. Мәтінді түсініп оқы. Сөз таптарын теріп жаз.



**Қарсақ**

Қарсақ күшігінің қорқақ келетінін бұрын кім білген?! Хайуанаттар бағында мұнан өткен қорқақ болмас. Осы үшін оны «қорқақ» деп атап кеткен.

Бір күні ойламаған жерден қарсақтың күшігі жоқ болып кетті. Міне, қызық! Сонда қайда кетпек? Күтуші тордың түкпір-түкпірін қарады. Жоқ. Күтушінің ойына жоғарыдағы сәкі түсті. Пәлі, кішкентай қарсақ сонда шығып кетіпті!

Міне, осы оқиғадан кейін кішкентай қарсақ сол орынды мекен ететін болды. Ойпырым-ай, тіпті адамның көзінше тамаққа жоламайды! Сірә, түнде жейтін болуы керек! (Ғаламтордан)

Есімдік: \_\_\_\_\_

Үстеу: \_\_\_\_\_

Одағай: \_\_\_\_\_

ә. Антонимін жаз. Қорқақ: \_\_\_\_\_



Өзіндік бағалаудың жол картасы. Жыл бойы өткенді қайталау						
Тарау: 9						
Бағалау	Дыбыстар жүйесі	Сөз мағынасы	Сөзжасам	Сөз табы	Сөйлем	Мәтін
Өзіндік бағалау	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>
Мұғалім бағалауы	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>	🍎 <input type="checkbox"/> 🍏 <input type="checkbox"/> 🍌 <input type="checkbox"/>